

«Махаббат – мәңгі ертегі»

Дәл осы тақырыпта Ғашықтар күніне арналған мерекелік кеш ұйымдастырылды

15 сәуір - Ғашықтар күні. Бұл күн «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» мейрамы.

Ғашықтар күнін ғашық жандар 14 ақпан күні тойлайтын еді. Соңғы жылдары «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» мерекесі кеңінен тарап, тойланып келеді. Махаббатқа тұнған жүректер лүпіл қағып, бұл күнде бүгінгінің Қозысы мен Баянына айналған қыз-жігіттеріміз бір-біріне деген ыстық сезімдерін білдіріп жатады.

Сүйіспеншілік пен махаббатқа толы мерекеге орай аудандық «Юбилейный» мәдениет үйінде «Махаббат – мәңгі ертегі» атты мерекелік концерт өткізілді. Мәдениет ошағының өнерпаздары махаббат тақырыбындағы тамаша әндерді орындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Кеш жүргізушілері Байдос Қожсағиев пен Елена Тарарина әнсүйер қауымды мерекенің шығу тарихымен таныстырып, барша жиылған қауымды «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» күнімен шын жүректен құттықтады.

Сән-салтанатымен өткен керемет мерекелік



етті. «Жұлдыз» бишілер тобының сұлу қыздары да мың бұрала би билеп, қошеметке бөленді.

Төл мәдениетіміз, төл әдебиетімізді ұлықтау мақсатында өткізілген кеште, көрермендер қауымына махаббат тақырыбындағы сұрақтар қойылып, көрермендер тарапынан тұщымды жауап алынды. Қызықты сұрақтарға жауап беруге асыққан көрермендеріміз Қозы мен Баянның махаббат тарихына тереңнен

жұртшылықтың алдында пәк сезімін білдірген батыл жігіттеріміз де сахнаның төрінен орын алды. Өз қалыңдығына ыстық сезімі мен бірге жүзігін ұсынып, сөз салған жігітіміз қалыңдықтың келісімін, ақ жаулықты аналарымыздың ақ батасын алып, сүйіктісінің дайындаған «ұйқышарын» қабыл алды.

- «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» мейрамы бүгінгі таңда кеңінен аталып келеді. Мыңдаған қыздың ішінен таңдап

Бұл күн мен үшін есте қалатын, қуаныш пен толқынысқа толы күн болды, - деді күйеу жігіт Еркебұлан.

Мәдениет үйіне жиылған барша қауым жастардың үлкен өмірге аттаған қадамдарына, күйеу жігіттің батыл шешіміне риза болып, қолдауларын білдіріп жатты. Жүректері бірге соғып, болашақтарынан зор үміт күткен қос ғашық үшін, бұл күн ертегіге айналғандай болды.

концертке ауданымыздың беткеуістар өнер майталмандары қатысты. Атап кететін болсақ, Ғалымжан Мауғанов, Владимир Леонов, Андрей Зайцев, Марат Өтегенов, Татьяна Чернова, Достияр Қайдаров, Павел Кулинич, Полина Ишекова, сондай-ақ, «Березка» вокалдық тобы тыңдарман қауымға өз өнерлерін паш

үңілді. Ғашықтар мерекесімен бірге, сүйіктіңе кіршіксіз пәк сезімді білдіретін, жүректің дүпілін сездіретін ерекше мүмкіндік келді. Жас жігіт сүйіктісіне «селтеткізер» жасайтын, қыздар көңілі қалаған жігітке «ұйқышар» тарту ететін мүмкіндік туындады. Бұл күнде өз сүйіктісіне «селтеткізер» жасап, қалың

алған сүйіктіме қалың көпшіліктің алдында сезімді білдіргенді жөн санадым. Тілекші болған жандарға, кеш ұйымдастырушыларына шексіз ризашылығымды білдіремін. Үлкен кісілердің ыстық ықылас, ақ баталарын алдық. Барша ғашық жандарды жылулыққа толы мерекемен құттықтаймын.

Біз өз атымыздан барша ғашықтарға бақыт тілей отырып, үлкен өмірге қадам басқалы отырған Еркебұлан мен сүйіктісі Күмбез аруымызға махаббаттарыңыз мәңгі болып, сезімдеріңіз ғұмырлық серіктеріңізге айналсын деген ақ тілегімізді білдіреміз.

Тұрсыннай МҰХТАРҚЫЗЫ

